

Солтүстік Қазақстан облысының Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар қызметін қайта құру туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің 1998 жылғы 3 қазан N 204 шешімі Солтүстік Қазақстан облысының Әділет басқармасында 1999.01.12 N 54 тіркелінді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің 2011 жылғы 25 тамыздағы N 20 Шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің 2011.08.25 N 20 Шешімімен

Қазақстан Республикасының "Азаматтық қорғаныс туралы" Z970100_Заңының 17 бабына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 26.08.1997 ж., Қаулысының орындалуы үшін және облыстық басқармалар, департаменттер, ұйымдардың құрамдық өзгеруіне байланысты облыс әкімі ш е ш і м ш ы ғ а р д ы :

1. Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдай қызметтерінің тізбесін 1 қ о с ы м ш а ғ а с ә й к е с б е к і т с і н .

2. АҚ және ТЖ облыстық қызметінің бастықтары мыналарды тағайындасын:
қоғамдық тәртіп күзетін - облыстық ішкі істер басқармасының бастығы;
өртке қарсы қызметін - мемлекеттік өртке қарсы қызмет басқармасының б а с т ы ғ ы н ;

медициналық қызметін - облыстық денсаулық сақтау департаментінің б а с т ы ғ ы н ;

құлақтандыру және байланыс қызметін - облыстық телекоммуникация дирекциясының б а с д и р е к т о р ы н ;

сауда және тағам қызметін - облыстық өнеркәсіп, сауда және тұрмыстық қызмет д е п а р т а м е н т і н і ң б а с т ы ғ ы н ;

энергетикалық қызметін - "СКРЭК" АТАҚ президентін;

коммуналдық - техникалық қызметін - облыстық құрылыс, коммуналдық шаруашылық, көлік және байланыс департаментінің бастығын;

жанар-жағар май материалдары қызметін - "Петропавловская нефтебаза" А Т А Қ п р е з и д е н т і н ;

жануарлар мен өсімдіктерді қорғау қызметін - облыстық ауыл шаруашылық д е п а р т а м е н т і н і ң б а с т ы ғ ы н ;

көлік қызметін - облыстық құрылыс, коммуналдық шаруашылық, көлік және байланыс д е п а р т а м е н т і н і ң к ө л і к б ө л і г і н і ң б а с т ы ғ ы н ;

жол және көпір қызметін - "Петропавлавтодор" мемлекеттік қазыналық
кәсіпорнының директоры;
ақпарат қызметін - Солтүстік Қазақстан телерадиокомпаниясының
директорын.

3. Облыстық АҚ және ТЖ қызмет бастықтарына қызметтерінің ұйымдастыру

және мақсатын анықтау кезінде Қазақстан Республикасының "Азаматтық
қорғаныс туралы"

Z 9 7 0 1 0 0 _

Заңын, Қазақстан Республикасының ТЖ жөніндегі
Мемлекеттік комиссиясының төрағасымен бекітілген АҚ және ТЖ
республикалық
қызметтері туралы 21.04.1995 ж. Қаулысын басшылыққа алсын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау ТЖ жөніндегі облыстық басқарманың
бастығы М.Ш.Мұсабаевқа жүктелсін.

5. Облыс әкімінің 21.11.1998 ж. N 49 шешімі күшін жойды деп
есептелсін.

Облыс әкімі

Облыс әкімінің
1998 жылғы 3 қарашадағы
№ 204 шешіміне
1 қосымша

Облыстық АҚ және ТЖ қызметінің тізімі және құру базасы

Реттік АҚ және ТЖ
№ қызметінің атаулары

1. АЖ және ТЖ қоғамдық тәртібін күзету қызметі
2. АҚ және ТЖ өртке қарсы күзеті
3. АҚ және ТЖ медициналық қызмет
4. АҚ және ТЖ жария және байланыс қызметі
5. АҚ және ТЖ сауда және тамақ қызметі
6. АҚ және ТЖ коммуналдық-техникалық қызмет
7. АҚ және ТЖ жанар-жағар май материалдарының қызметі
8. АҚ және ТЖ жануарлар мен өсімдіктерді қорғау қызметі

9. АҚ және ТЖ көлік қызметі
10. АҚ және ТЖ жол және көпірлер
11. АҚ және ТЖ ақпарат қызметі
12. АҚ және ТЖ энергетика қызметі

Кестенің жалғасы

Құру базасы	Ескертулер
Облыстық ІІБ, милицияның линиялық бөлімі Мемлекеттік өртке қарсы қызмет Облыстық денсаулық сақтау департаменті, "Медтехника" АҚ, "Фармация" АҚ Телерадиокоммуникациясының облыстық дирекциясы, облыстық радио хабарлағыш орталығы Облыстық энергетика, өндіріс және сауда департаменті Облыстық құрылыс, коммуналдық шаруашылық, көлік және байланыс департаменті, коммуналдық шаруашылықтың ведомствоаралық шаруашылығы "Петропавлмұнай базасы" АТАҚ, "Көкшетау бизнес мұнай" АҚ-ның мұнай базасы Облыстық ауыл шаруашылық департаменті Облыстық құрылыс, коммуналдық шаруашылық, көлік және байланыс департаментінің көлік бөлімі, көлік инспекциясы "Петропавл автожол" мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, "Петропавл жолдары АҚ, "Көкшетау жолдары" АҚ, "Көкшетау жол құрылысы" АҚ, Шучие қаласы "Клен" фирмасы, "СУ - 808" ЖШС, "Орман отырғызу учаскесі" ЖШС, "Асфальтобетон" ЖШС, "Әділ" ЖШС, "Еңбек-жолы" ЖШС, "Көкше-жол" ЖШС Солтүстік Қазақстан телерадиокомпаниясы,	

"Северный Казахстан", "Солтүстік Қазақстан" газеттерінің редакциясы
"СҚЭБК" АТАҚ, ЖЭС-2, "СҚЭБК" АТАҚ

Петропавл қалалық филиалы, "Целинэнергожөндеу" өндірістік жөндеу кәсіпорны
(ЖЭС-2 жанындағы), "Мемэнерго бақылау" Солтүстік Қазақстан облысының
бөлімшесі, "Металлоэлектростроительство" АТСК ("МЕТЭК"), Петропавл
аумақтық электржүйесі ("ПТЭС")

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК